



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Өткен аптаның соңғы жұмыс күні Созақ аудандық Қоғамдық Кеңесінің отырысы өтті. Кеңес төрағасы Қабылбек Аманбекұлы Еспенбетов мәжілісті ашып, талқыға төмендегі төрт мәселенің салынатынын айтты:

1. Созақ ауданы әкімдігінің 2021 жылы атқарған жұмыс-

мақұлданды, ал алға қойған міндеттер Кеңестің жіті бақылауында болатыны айтылды. Құмкент ауылдық округі тұрғындарының «КазФосфат» ЖШС-нің жер қойнауын пайдалануына қатысты шағымдары Кеңес мүшелеріне таныстырылды. Шағым талқидан өткен соң, жоғары тұрған



тары мен алда тұрған міндеттері

2. Құмкент ауылдық округі тұрғындарының «КазФосфат» ЖШС жер қойнауын пайдалануы мәселесіне шағымы

3. «Созақ ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» Созақ ауданы маслихаты Шешімінің жобасы

4. Мемлекеттік жастар саясаты мәселелері

Әкімдіктің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері жөнінде Созақ ауданы әкімінің міндетін уақытша атқарушы Бекзат Тайұлы Әлмағанбет егжей-тегжейлі айтып шықты. Айта кететін жәйт: әкімдіктің жылдық есебі аудандық «Созақ үні» газеті (12.01.2021 ж. №3) арқылы ел назарына ұсынылған болатын. Бекзат Тайұлы Қоғамдық Кеңес мүшелері Қасымжан Өмірұлы, Пардабек Сақтапбергәнұлы, Мұрат Жақсыбаев және Сержан Бегманұлы тарапынан қойылған сауалдарға толыққанды жауап берді. Қоғамдық Кеңес шешімімен аудан әкімдігінің есебі

тиісті мемлекеттік органдарға жолдау ұйғарылды.

Созақ ауданы әкімдігінің Ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі әзірлеген «Созақ ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» Созақ ауданы маслихаты Шешімінің жобасы бірауыздан мақұлданып, оң қорытынды берілді.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе мемлекеттік жастар саясаты мәселесі талқыланып, ауылдық округ, кент әкімдеріне және салалық бөлімдерге жастар мониторингін жүргізу, олардың өзекті мәселелерін анықтау бойынша кездесулер өткізу, жастардың бойында патриотизмді нығайту бағытындағы жұмыстарды жандандыру, пәт санатындағы жастардың қоғам өміріне белсенді қатысуына ықпал етуді, осы жұмыстарды атқару үшін кешенді жоспар қабылдануы керектігін ұсынды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Облыс әкімі



НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Созақ ауданына арнайы келіп, жергілікті маслихаттың кезектен тыс 14 сессиясына қатысып, сессияда аудан әкімдігіне үміткер Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының кандидатурасын ұсынып, ол бір ауыздан депутаттар тарапынан қолдау тапты. Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы аудан әкімі болып тағайындалды. Өңір басшысы бұған дейін ауданды басқарып, құрмет демалысына шыққан Салыхан Полатовтың елге сіңірген еңбегін атап өтіп, атқарған жұмыстары үшін ризашылығын білдірді. Жаңа әкімге нақты міндеттер жүктеп, ел сенімін ақтауды тап-

сырды.

—Ең бірінші мәселе – аудан тұрғындарын жұмыспен қамту. Осы бағытта жұмыс күшеюі тиіс. Ауыл шаруашылығына инвестиция мен озық технология тартуды жалғастыру керек. Үшіншіден, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру да маңызды. Аудандағы үлкен сауда орындарының басшыларымен, кәсіпкерлермен тиісті жұмыс жүргізілгені жөн. Созақ ауданын газдандыру жұмыстары да қарқын алуы тиіс. Бұл бойынша жұмыстар басталған, сол жобаларды соңына дейін жеткізу – міндет, – деді Өмірзақ Естайұлы.

АУДАН ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы

Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы 1967 жылы туған, білімі жоғары, мамандығы бойынша біліктілігі–инженер-құрылысшы.

Еңбек жолын 1991 жылы «Шымкент ауыл шаруашылығы

құрылыс монтаж» трестінің монтаждаушысы ретінде бастаған.

1992-2008 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мүлік жөніндегі аймақтық комитетінің жетекші маманы, бас маманы, бөлім басшысы, төрағаның орынбасары қызметтерін атқарған.

2008-2013 жылдары Қазақ-

стан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Оңтүстік» өңіраралық департаменті басшысының орынбасары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы департаментінің басшысы.

2013-2014 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімі.

2015-2018 жылдары «Қуат жылу орталық-3» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын директоры, «Каз Мед пром» ЖШС-нің коммерциялық директоры қызметтерін атқарған.

2018 жылдың желтоқсан айынан бастап Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы басшысының орынбасары, Түркістан облысы әкімінің өкімімен Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудан тұрғындарының назарына!

Аудан әкімі М.С.Тұрысбеков есеп беру кездесулері басталғанға дейін 2022 жылдың 15 және 28 ақпан күндері сағат 10.00-13.00 аралығында азаматтарды өтініштері бойынша жеке қабылдау өткізеді.

Осыған орай, 8 (72546) 46-21 телефонына сенбі, жексенбі күндерді қоспағанда күнделікті сағат 9.00-13.00, 15.00-19.00, 8 7029132077 WhatsApp нөміріне хабарласуға болады.

Өтетін орны: аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТЕДІ

2022 жылдың 28 қаңтары күні, сағат 11:00-де, «Ардагерлер үйі» ғимаратында Созақ ауданының Қоғамдық Кеңесі жеке және заңды тұлғаларды қабылдайды.

Созақ ауданының Қоғамдық Кеңесі.

**«Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес Созақ ауданы әкімі және ауылдық округтері мен кенттері әкімдерінің
халыққа есеп беру кездесулерінің КЕСТЕСІ
(15-25.02.2022 жыл)**

Қ/с	Аудан, ауылдық округтер атауы	Елді мекен атауы	Есеп беретін әкімнің аты-жөні	Күні, уақыты	Әлеуметтік желідегі сілтемесі	Кездесудің өтетін орны	Сұрақтар беруге арналған телефон, электронды пошта, жәшік орналасқан мекен жайы
1	Шу	Шу	Аудан әкімі М.Турысбеков Ауыл округ әкімі Д.Досымбеков	16.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/shu.akimat	Ж.Қаламбаев атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-01 da.dosymbekov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
2	Тасты	Қылти	Ауыл әкімі М.Тлеулинов	15.02.2022ж Сағат 11.00	https://www.facebook.com/tastyakim	Абай атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-38 m.tleulinov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Тасты	Аудан әкімі М.Турысбеков Ауыл әкімі М.Тлеулинов	16.02.2022ж Сағат 12.00		Абай атындағы ЖОМ мәжіліс залы	
3	Жуантөбе	Жуантөбе Қоңыратарық	Аудан әкімі М.Турысбеков Ауыл әкімі Д.Абраев	16.02.2022ж Сағат 15.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100025585327589	С.Сейфуллин атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-36 d.abraev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
4	Қызмешек	Тайқоңыр	ауыл әкімі Е.Жумабаев	15.02.2022ж Сағат 11.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100011408784734	Т.Момбеков атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-06 e.zhumbaev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Қызмешек	Аудан әкімі М.Турысбеков ауыл әкімі Е.Жумабаев	16.02.2022ж Сағат 17.00		Мәдениет спорт кешені	
5	Сызған	Қайнар	Ауыл әкімі Х.Нұртан	15.02.2022ж Сағат 11.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100012866865283	С.Макаренко атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-21 s.mamanov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Сызған	Ауыл әкімі Х.Нұртан	15.02.2022ж Сағат 15.00		Қ.Рүстемов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	
		Қозмолдақ Басбұлақ	Аудан әкімі М.Турысбеков Ауыл әкімі Х.Нұртан	17.02.2022ж Сағат 10.00		Ф.Мұратбаев атындағы ЖОМ мәжіліс залы	
6	Созақ	Ыбырай Қақпансор	Ауыл әкімі Б.Аяпов	15.02.2022ж Сағат 11.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100034484372767	Құрманғазы атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-07 b.ayapov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Көктөбе	Ауыл әкімі Б.Аяпов	15.02.2022ж Сағат 15.00		Суындық ЖОМ мәжіліс залы	
		Созақ Шақырық	Аудан әкімі М.Турысбеков ауыл әкімі Б.Аяпов	17.02.2022ж Сағат 12.00.		Ауылдық мәдениет үйі	
7	Қарағұр	Раң	Ауыл әкімі О.Жәмиев	15.02.2022ж Сағат 11.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100013720096283	Б.Батырбекова атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-31 o.zhamiev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Шаға	Ауыл әкімі О.Жәмиев	15.02.2022ж Сағат 15.00		С.Бақбергенов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	
		Қарағұр	Аудан әкімі М.Турысбеков ауыл әкімі О.Жәмиев	17.02.2022ж Сағат 15.00		Қарағұр ЖОМ мәжіліс залы	
8	Қаратау	Ақсүмбе	Ауыл әкімі О.Ермахан	15.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100015001120703	С.Қожанов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-29 o.ermakhan@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Сарыжаз	Ауыл әкімі О.Ермахан	15.02.2022ж Сағат 12.00		Сарыжаз негізгі орта мектебінің мәжіліс залы	
		Қаратау	Аудан әкімі М.Турысбеков ауыл әкімі О.Ермахан	17.02.2022ж Сағат 17.00		Панфилов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	
9	Жартытөбе	Аққолтық	Ауыл әкімі Б.Есенқабыл	15.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100012829812180	Ш.Уалиханов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-03 b.esenkabyl@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Бабата	Ауыл әкімі Б.Есенқабыл	15.02.2022ж Сағат 12.00		М.Мәметова атындағы ЖОМ мәжіліс залы	
		Жартытөбе	Аудан әкімі М.Турысбеков ауыл әкімі Б.Есенқабыл	18.02.2022ж Сағат 10.00		Ауылдық клуб	
10	Құмкент	Қызылкөл	Ауыл әкімі Ф.Пәрдебекұлы	15.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100012905161071	Ауылдық клуб	8/72546/47-25 g.pardebekuly@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Құмкент Қызылқанат	Аудан әкімі М.Турысбеков ауыл әкімі Ф.Пәрдебекұлы	18.02.2022ж Сағат 12.00		Ауылдық мәдениет үйі	
11	Таукент	Таукент	Аудан әкімі М.Турысбеков кент әкімі М.Оспанов	18.02.2022ж Сағат 16.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=1000	І.Кеңесбаев атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-17 m.ospanov@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
12	Шолаққорған	Абай	Ауыл әкімі А.Елибаев	15.02.2022ж Сағат 10.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100016017283010	Иманов атындағы ЖОМ мәжіліс залы	8/72546/47-13 a.elibaev@ontustik.gov.kz Жәшік ауылдық округі әкімі ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp
		Балдысу Қарабұлақ	Ауыл әкімі А.Елибаев	15.02.2022ж Сағат 12.00		Жамбыл атындағы ЖОМ мәжіліс залы	
		Шолаққорған Теріскей Жеткеншек	Ауыл әкімі А.Елибаев	15.02.2022ж Сағат 16.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100016017283010	Ауыл әкімі ғимаратының мәжіліс залы	
		Шолаққорған	Аудан әкімі М.Турысбеков (аудан әкімінің қорытынды есебі)	25.02.2022ж Сағат 11.00	https://www.facebook.com/profile.php?id=100012839862726	Аудан әкімдігінің мәжіліс залы	8/72546/46-21 a.akimat@ontustik.gov.kz Жәшік аудан әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан. 8 7029132077 WhatsApp

Халыққа қажетті түсіндірме

Жауапкершілік пен ыждағаттылық қажет



2022 жылдан бастап қазақстандық мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілгендер мен олардың жұбайлары (зайыбы) кірістері мен мүлкі туралы 270.00 нысанды декларацияны ұсынады. Осыған дейін, жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңі аясында аталған тұлғалар активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырған болатын. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияның нысаны мен оны толтыру қағидалары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылдың 13 қыркүйегіндегі №927 бұйрығымен бекітілді. Осыған орай қаңтар айының 21 жұлдызы күні Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында аудан көлеміндегі мекемелер мен бөлімдердің жауапты мамандары бас қосып, декларация төңірегінде жиын өтті. Ескеретін бір жайт жиынды өздегі пандемия жағдайына байланысты мекемелерді араламай,

әрбір мекемеден бір-бір маманнан шақырып, ережеге сай сақтық шараларын сақтай отырып өткізді. Басқосуда жаңа декларация төңірегіндегі өзгерістер мен оны толтыру шаралары, қағидалары тәптіштеп түсіндірілді. Тиісінше нұсқаулықтар таратылды.

-Жиын барысында түскен түрлі сауалдар мен сұрақтарға кеңінен талдау жасалып, мамандар тарапынан нақты жауаптар берілді. Смартфон арқылы "Е-Салық" мобильді қосымшасы арқылы енгізу ең басты мақсатымыз,-дейді жиынды ашып жүргізіп отырған Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысының орынбасары Жарылқасын Айдарбеков. Біршама мекемелер мен бөлімдердің мамандары қатыса алмауы себепті тағы да түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады. Басқарма басшысының орынбасары Жарылқасын Кеңесбайұлы мен осы басқарманың

декларация тапсыруға жауапты маманы Садық Шадиярдың түсіндіруі бойынша кірістері мен мүлкі туралы декларацияда жеке тұлғалар күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістері туралы (оның ішінде елімізден тыс жерлерде алған кірістері де бар), сондай-ақ мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлкі сатып алғаны немесе иеліктен шығарғаны туралы (оның ішінде елімізден тыс жерлердегі мүлік те бар) ақпаратты көрсетуі тиіс. Бұдан басқа, декларацияда жеке тұлғалар есепті салық кезеңі ішінде:

- жылжымайтын мүлкі (пәтер, үй, жеручаскесі және т.б.);
- механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін (автокөлік, тіркеме және т.б.);
- заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін;
- бағалы қағаздарды (акциялар, облигациялар, вексельдер және т.б.);
- инвестициялық алтынды;
- туынды қаржы құралдарын;
- тұрғын үй құрылысына қатысу үлесін сатып алуға жұмсаған шығындарын растап, мәліметтерді көрсетуі қажет. Декларация жеке тұлғаның тұрғылықты (тұратын) жері бойынша ұсынылады. Жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңінің активтер мен міндеттемелер туралы декларациясын (250.00-нысаны) табыс еткен азаматтар үшін кірістері мен мүлкі туралы декларацияны табыс ету мерзімі: - қағаз түрінде 2022 жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей;
- электронды түрде 2022 жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмеулері керек. Тағы да қосып айтарымыз бұл жаңа форматтағы декларация болғандықтан әрбір азаматтың ыждағатпен, тыңғылықты толтырулары керек.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ-ХАЛЫҚ ҮНІН ЕСТУ

Өткен аптада "NurOtan" партиясының аудандық қоғамдық қабылдау бөлмесінде партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, аудандық мәслихат депутаты Берік Тұрғанбаев аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдау барысында партиялық бақылау комиссиясының төрағасы өздерінің ұсыныстары мен пікірлерін айта келген тұрғындарды мұқият тыңдап, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, атқарылатын жұмыстар жайында заң аясында жауап берді.

Атап айтар болсақ, ауыл тұрғындары А.Бейсехулов, Ә.Нұржанбаев секілді азаматтар "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысының өз деңгейінде орындалмауы туралы; ауданымыздағы білім ошақтарын өз деңгейінде спорттық құрал-жабдықтармен қамту; оқушыларды жарысқа апарған ұстаздарға іс-сапар шығынын төлеу мәселелері бойынша өтініштері тыңдалды. Созақ ауылының тұрғыны Төлеп Амангелдінің тарапынан телефон арқылы ауыл округіндегі баяу жұмыс жасайтын интернет желісі бойынша ұсыныс түссе, әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасыларды тұрғын үймен қамту мәселелері бойынша да өтініштер түсті. Өтініш берушілердің тарапынан барлығының шағымдарына заң аясында жауап беріп, алдағы уақытта тиісті жергілікті мекемелерге ұсыныс әзірлейтінін жеткізді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Ұйымның тыныс-тіршілігіне дән разымыз

Кәсіподақ азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, жұмыс жағдайын жақсарту, өмір сүру деңгейін көтеру мен әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Кәсіподақ қызметкерлердің атқаратын жұмысына негізделіп, жалпы өндірістік, кәсіби мүдделеріне байланысты құрылатын бірлестік. Кәсіподақ қызметкерлер мен жұмыс берушілердің еңбекке байланысты арақатынасын реттейтін заңды және тәуелсіз өкілі. Кәсіподақ жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізеді, жұмыскерлердің атынан жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер көзделген келісімдер мен ұжымдық шарттар жасап, олардың орындалуын қадағалайды. Еңбек туралы заңнамалардың орындалуына қоғамдық бақылау жасайды. Еңбекті қорғау мен еңбек жағдайларын жақсартуға байланысты қоғамдық бақылау жасайды. Келісім және өндірістігі келеңсіз жағдайларды тексеру жөніндегі комиссиялар арқылы кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін қорғайды. Осы айталған үделерден шығып отырған ұйымдардың бірі аудан орталығында біз қызмет ететін Нәзір Төреқұлов атындағы ақпараттық технологиялық мектеп лицейін айтар едім. Мектеп директоры



Гүлсара Сейітханқызы мен осы мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы Нәбиев Оразәлі біршама жұмыстар атқарды. Гүлсара апайдың қарапайымдылығы мен іскерлігі, әрбір мұғалімнен бастап техникалық қызметкерге дейін өз назарынан тыс қалдырмай барынша қолдап, қорғап жүретінін бүкіл ұжым болып біліп, құрмет тұтады. Өзіміз жыл бойы жазылатын аудандық



«Созақ үні» газетіне жазылымын ұйымдастырудан бастап, түрлі әлеуметтік шараларға ұйытқы болып келе жатқан мектептің кәсіподақ ұйымы мектептегі барлық мүшелерінің әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін назардан тыс қалдырған емес. Былайша көзге көрінбейтін қым-қуыт тірлігі бар ұйымның атқарған қыруар жұмыстары біздің көз алдымызда атқарылуда. Оразәлі Нәбиев

әрбір кәсіподақ ұйымының мүшелерімен әңгіме өткізе отырып, мектеп психологының қатысуымен жеке қабылдаулар өткізеді. Олардың еңбек демалысы, отбасылық жағдайы, балаларының немен айналысып жатқаны, отбасындағы ауызбіршілік пен ынтымақтық, ұжым арасындағы әлеуметтік ахуалдар мен көңіл күйлер сияқты майда шүйде болып көрінгенімен ауқымды жұмыс саналатын шараларға жіті мән беріп отырады. Біз түрлі жағдайларымызды кәсіподақ ұйымына айтып, ол мектеп басшылығымен тиісті шешімдер қабылдап отырады. Сонымен қатар, аудандағы, облыстағы, республикамызда болып жатқан жаңалықтар мен тың басталарды аудандық газеттен оқып, хабардар болып отырамыз. Сол себепті де өзіміз ұжым болып жазылған «Созақ үні» газеті арқылы кәсіподақ ұйымы мен мектеп басшылығына мектептің кіші техникалық қызметкерлері атынан алғысымыз бен ризашылығымызды білдіргіміз келеді.

Бақытгүл ТОЙЛЫБАЕВА,
Н.Төреқұлов атындағы ақпараттық технологиялар мектеп лицейінің кәсіподақ ұйымының мүшесі.



Әзіреті Ысқақ баб,
Бабатада дер еді.
Ол уақытта Бабата,
Томпайып жатқан жер еді.
Атбесік жасап басына,
Қабірін бұлар түзеді.

Ысқақ бабтың қасиетті кесенесі жоңғар соғысы кезінде жаулар тарапынан күйретілген деседі. Атамекен азат етілген соң қайта келген ұрпақтары әулиенің тыным тапқан топырағын таба алмай жаңылып қалады. Аңызға сенсек, бір абыз қария шолпан жұлдызы туғанда жақсылап қарасандар Ысқақ баб жатқан жерге қабылан кеп айбат шегіп тұрады, сол орын қабірі болды дейді. Осылайша жұрт қабыланды көріп, ол кеткен орынды қазғанда кесененің сағанасына кіретін қақпаға тап болып, әулиенің жерленген сүйегімен бірге туы мен найзасын тауып алады. Осылайша кешен жаңғырып, мешіт-медресе бабтың сағанасы маңына орнатылады. Бұл көне 33 құжыралы мешіт-медресе кешені түрлі кезеңдерде жөн-

Қазыналы Созақ-ұлт

Соңғы кезде адасқан ағымға арбалып, санасы дүлей күштің сағымымен шырмалған содырлар тобы елде дүрбелең тудырып, мемлекетіміздің іргесін шайқай жаздады. Бұл оқиғаның себеп-салдары бірекі күнде қалыптасқан жоқ, түптеп келгенде ұзақ жылдар бойы рухани құндылықтарға, ата-бабадан жалғасқан салтымызға жеткілікті мән берілмей келгендіктен шиеленісті. Дәстүрлі дін діңгек, ихсан ілімі көлеңкеде қалып, жастарымыз адасқан уағызшыларының жетегінде кетті. Алды Сирияға барып сергелдеңге түсті. Бұл ретте, әлбетте, сананы сауықтыратын, адасқандарды айықтыратын рухани шаралар кешенін жүйелі жүргізу үшін ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қалқанымыз – ата-бабаның асыл дәстүрі, мәйекті мәдениетіміз, телегей теңіз мол мұрамыз, ұлтымыздың айбынын асырған ұлағатты тұлғаларымыздың шарапатты жолы, солардың көзіндей киелі өлкемізде сымбат түзген кенішті кенттеріміз, ежелгі ескерткіштеріміз бен Қыдыр дарыған қасиетті орындардың орны бөлек.

Қазақ хандығының алғашқы астанасы

Шежіре дәстүрде аты Қазақпен қатар аталатын қазыналы Созақ – ежелден қарт Қаратау мен Сырды қауыштырып, алуан мәдениеттерді тоғыстырған, қазақ халқының байтағына баланған өлке, руханияттың нәрлі ошағына айналған киелі өңір. Қаратаудың бір етегі күллі түркі жұртының пірі саналатын Қожа Ахмет Ясауи жатқан әзірет Түркістан өңірі болса, екінші беті Орталық Азиядағы ренесансты жасаған, Қарахан мемлекетінің даңқты билеушісі әйгілі Әулие-атаның құтты қонысы. Әз Қаратаудың келесі баурайында сансыз бабтардың ілімі гүлдеген қасиетті Сайрам шаһары, одан беріде Арыстан баб пен Әл-

Фарабидің Отырары орналасқан. Міне, қазақ руханиятының осы төрт құбыласын Орталық Азияға дін тарата келген Ысқақ баб, Ұлық Ұлыстың рухани ұстыны – Баба Түкті Шашты Әзіз және Қарахан дәуірінің ұлы әміршісі Тамғаш Хасан Боғрахан (Қарабура әулие) мәңгілікке дамылдаған қасиетті Созақ өңірі түйістіріп, жалғап жатыр. Сондықтан бұл жерде қазақ халқымен қатар, түбі бір түркі жұртының да қастерлі мекені.

Созақ шаһары алғаш рет жазба деректерде Хузақ деген атпен белгілі бола бастайды. Түркі қағанаты дәуірінде Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда-экономикалық шаһар ретінде маңызды рөл атқарып, Қарахан дәуірінде сауда, қолөнер сынды ірі мәдениет ошақтарының біріне баланды. Қазақ хандығы тұсында стратегиялық қала ретінде маңыздылығын жоғалтпай, тұңғыш астана қызметін атқарды. Қазақтың ұлы хандары Керей мен Жәнібектің осында орда тігіп, хандықтың іргесін бекіткені туралы ғылыми мәліметтер бар. Ол туралы академик Әлкей Марғұлан: «Қаратаудың солтүстік бөктерінде Созақ кентімен аттас қала жұрты бар, ол қазақ жерлерін біріктірудің бастапқы кезеңінде Қазақ хандығының тірек қаласы болған. Бұл қала хандық тұсында ірі сауда-қолөнер орталығы ретінде маңызды рөл атқарған, деп жазса, археолог Кемал Ақышев «қаланың нағыз өркендеген дәуірі Қазақ хандығы тұсы», деп тұжырымдайды. 1946 жылы академик Әлкей Марғұлан қазба барлау жұмыстарын жүргізіп, көне шаһардың бес мәдени қабатын анықтаған болатын. Шаһардың ең төменгі мәдени қабаты Х-ХІ ғасырларға, яғни Қарахан дәуірімен сәйкес келсе, ең жоғарғы қабаты ХVІІ-ХVІІІ ғасырлардағы Қазақ хандығы дәуірімен тұспа-тұс келеді.

Жоңғар шапқыншылығы тұсында хандықтың маңызды бекіністерінің біріне айналған шаһар қазақ жауынгерлерінің азық-түлік, қару-жарақтармен қамтамасыз етілуіне зор ықпал еткен. Кейіннен Абылай ханның Созақты қайта жаңғыртып, рухани орталыққа айналдыру ұмтылысы, сол сияқты, Кенесарының Сарыарқадан Бетбақдаланы кесіп өтіп, жаудан азат етуі бұл қаланың рухани әрі саяси тұрғыда айрықша маңызды болғанын көрсетсе керек. Кеңес үкіметіне қарсы 1929-1930 жылдары ұйымдастырылған көтерілістердің ең ірісі де осы Созақ жерінде өтуі азаттыққа деген халық

рухының айғағы іспетті. Осы көтерілістен кейін кеңестік биліктің ықпалымен Созақ атауын санадан сылып, саяси тұрғыдан шектеу әрекеттері басталды.

Созақ – Қазақ хандығы дәуірінен аман жеткен жалғыз шаһар. Мұнда хандық дәуірден қалған тарихи мұралардың бірі көне қаланың іргесіндегі, бүгінде тегіс алаңқайға айналған – «Хан мазары» ескерткіші. Жергілікті өлкетанушылар бұл жерде Керей мен Жәнібек хан жерленген десе, енді бірі Қасым ханның ұлы Хақназар ханның сүйегі жатыр дегенді алға тартады. Қалай десе де, халықтың «Хан мазары» деп қастер тұтып, қорып келуіне қарағанда бұл жерде қазақтың ұлы хандарының бірі жерленген болса керек. Себебі «Шәйбани-наме» еңбегінде Сыр бойындағы қалалар үшін болған шайқастарда Созақ қаласы Жәнібек ханның ұрпақтарының қолына өткендігі жазылады. Хандықты қырық жылдай басқарған Хақназар ханның біраз уақыты Түркістан, Созақ өңірлерінде өткені белгілі. Сондықтан мұнда Хақназар ханның денесі жатыр деген болжам шындыққа жанасады. Әрине, ол толықтай археологиялық, тарихи-мәдени зерттеулер арқылы анықталуға тиіс.

Әзірет сұлтан Ясаудің ұлы бабасы – Ысқақ баб

Созақ ауданы Баба ата ауылындағы әйгілі Бабата көне қаласының жұртында да ежелгі тарихтың ізі тайға таңба басқандай сайрап жатыр. Орта ғасырда Түркістан мен Сайрамнан кейін әулие бабтар жиналып, ислам ілімін дамытқан негізгі орталық кенттің бірі осы болған. Шаһардың рухани-мәдени орталыққа айналуына ықпал еткен Ысқақ бабты халық Баб ата деп атап кеткен. Кейіннен қала да Бабата аталған.

Шежірелерге қарағанда, Ысқақ баб – Әзірет Әлінің тікелей ұрпағы. Қожа Ахмет Ясауи сол Ысқақ бабтың жұрыны саналады. Демек, Ысқақ баб – исламды түркі ұлыстарына таратушы рухани тұлға. Халық арасында кең тараған «Насаб-нама» кітабында Ысқақ бабтың Орталық Азияға ислам аша келгені туралы көптеген деректер айтылады.

Бабата кесенесі туралы «Алпамыс батыр» жырында да айтылады:

деу-жаңғыртудан өтіп, жергілікті өлкетанушылардың жазуына қарағанда 1923 жылға дейін елді рухани нәрімен сусындатып келген. Бұл медреседе Шолаққорған, Созақ, Арқа, Жетісудан келген көптеген шәкірттер білім алады. Қазақ даласына нұрын шашқан білім ошағына халық та ерекше ықыласпен қарап, қорғап отырады. Зұлмат жылдарда мешіт қоймаға айналады, шырақшылар шетінен қуғын-сүргінге ұшырайды, абырой болғанда мешіт құламай сақталып қалады. Қызыл үкімет кезінде де кешенді шырақшылар қамқорлығына алып, бүгіндері де сол атадан жалғасқан игі дәстүр жалғасып келеді. Әзірет Сұлтанның арғы бабасы болған, далаға шығыс мәдениетінің шырағын жаққан ұлы тұлғаның дәстүр сабақтастығы, ізгілік ілімі бүгінге дейін өшпей жалғасып келген.

Қарабура – Боғра хан

Созақ жеріндегі халықтың тәу етіп, маңдай тірер қасиетті орындарының бірі – Қарабура әулие кесенесі. Кейбір аңыз-әңгімелерді арқау еткен мақалаларды айтпағанда, Қарабура әулие туралы ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйенсек, Қарабура әулие Қожа Ахмет Ясауидің замандасы әрі Әзірет Сұлтан қайтыс болғанда оның денесін арулап, жерлеуге қатысқан діни қайраткер ретінде сипатталады. Кейбір зерттеушілер Қарабура әулиені Қарахан дәуірінің нағыз гүлденген шағында өмір сүрген тарихи тұлға деп болжайды. Қазақтың ұлы ғалымы, этнограф Ш.Уәлиханов: «Қарабура – Тама руының ұраны!», деп алғаш ғылыми мәлімет берсе, көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев: «Қарабура – тамаларға Қарахан мемлекетінің құрамында болған кезден қалған ұран» деп жазады. Созақтың өлкетанушы С.Тәбірізұлы: «Қарабура Созақта дүниеден өтіп, денесі осында қойылған. Оның кесенесі маңында Қарабураның екі қабатты мешіті болған және онда мың адам қатар тұрып намаз оқи алатын. Кеңес өкіметі орнаған заманда, дін иелерін қуғындаған кезеңде мешіттегі шайықтар мен діндарлар қуғынға ұшырап, мешіт жермен-жексен етілген», дейді. Біз Созаққа жасаған сапарымызда жергілікті тұрғындармен тілдесіп, біраз мәселеге қанықтық.

Жергілікті халық бұл қастерлі орынды әлі күнге «Бура хан әулие» деп әспеттейді. Тек бертінде ғана «Қарабура әулие» деген атау белең ала бастаған. Таяу жылдары әулие кесенесін өз бетінше қазғандар көптеген кітаптар тапқан екен, кейін оларды қайта көміпті. Шырақшының айтуынша, кесенедің әуелде жазу болған, оны елдекімдер «Хасан» деп оқыған, алайда кейін таппай қалған. Бұл – маңызды мәлімет.

Жазу мен кітаптарды қайта тауып, зерделегенде, ақиқаттың ашыла түсері анық.

Осы дерекке иек артсақ, біздіңше, Қарабура – Шығыс Қарахан билеушісі Хасан Тамғаш Боғра хан болуы мүмкін. Біріншіден, осы уақытқа дейін Тамғаш Хасан Боғра ханның жерленген орны мен кесенесі жайында ешқандай нақты деректер кездеспей келді. Екіншіден, Хасан Боғра хан Қарахан хандығын құрайтын «яғма» тайпасынан тарай-

кітапхана, аурухана салдырып, ғылым, өнер, мәдениет саласына биік белеске көтерген ірі қайраткер», деп бағалайды. Сондықтан Қарахан елінде ғалымдар мен әулиелерге жағдай жасап, өзі де рухани жолды ұстағандықтан, жұрт оны ұлы әулие санаған.

Боғра хан ғұлама ойшылдар мен дін қайраткерлеріне айрықша илтипат көрсетіп, қолдау жасап отырған. Әйгілі Жүсіп Баласағұнның «Құтты Біліг» туындысы осы Боғра ханға арналып жазылды. Мемлекетті басқару қағидалары мен ұстанымдары қамтылған еңбекпен танысқан Боғра хан оған «Хас хажиб» – «бас уәзір» атағын берген. Өкініштісі, Жүсіп Баласағұнның кім екені және қайда жатқаны әлемге аян, ал Боғра хан бүгінде ұмыт болған. Оның бейітінің қазақ жерінде жатқанын ешкім білмейді. Әйгілі Қашқарлы Махмұттың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі осы билеушінің тұсында жазылған. «Қашқар

тын. Ол жыр-дастандарда ұдайы батырларды қиын-қыстау сәттерде қолдап-қоршап жүретін жебеуші, балаға зарыққан қарт ата-ананың тілегін қабыл етіп, ерекше алып батырды тудыруға дем беруші.

Қазақ халқы Баба Тукластың қабірі Созақ өңірі Құмкентте деп білген. Дәлірек айтқанда, әулиенің күмбезі Қаратаудың солтүстік-шығыс жағында, Қызылкөлдін жағасында, бұрынғы Құмкент қаласының оңтүстігіне қарай бір шақырымдай жерде орналасқан. Қарахан заманында салынған Баба Түкті Шашты Әзіздің көне мазары қирап, оның орнына жаңа күмбез кейіннен салынады. Академик М.Әуезов жазғандай қазақ тарихи эпосының кесек сүйегі Алтын Орда дәуірінде қалыптасты десек, сол жырлардың барлық батырларын қолдаушы пірі Баба Түкті Шашты Әзіз болып келеді. Ендеше, Алтын Орда хандарының рухани алтын діңгегі болған тұлғаның бейнесі

лыққа діни-ағартушылық қызмет жасаған Шахи-Ахмет ишан тұлғасын ұлықтап, оның Созақтағы мешіт-медресесін мәдени мұралар тізіміне енгізген жөн деп есептейміз.

Тәңірге тәубе, қазір Ұлытау мен Жошы хан ұлықталып, Түркістан түлеп, Ясауидің тұлғасы насихатталып жатыр. Бұл тарлан тарихымыздың бойына қан жүгіртіп, қандылықтарымыздың қайта жаңғыруына игі бастама. Алайда әлі одан да ірі тұлғалардың қараусыз, елеусіз жатқаны жаңа батады. Ясауидің түп бабасы Ысқақ бабтың мазары, Ұлық Ұлыстың рухани ұстыны, пірі болған Баба Түкті Шашты Әзіздің бейіті, Қазақ хандығының астанасы болған, хандардың сүйегі жатқан Созақ қаласы мен Хақназар ханның қорымы елеусіз жатуы соның айғағы. Тіпті, қазір шағын бөлігі ғана аман қалған көне Созақ қаласының орны жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр.

Рас, Қазақ хандығының бастауы

руханияттың қайнары

ды. Қашқарлы Махмұд «яғма, шігіл, аргу тайпалары Қарахан мемлекетінің негізін қалаған ру-тайпалар еді» деп жазады. Сонда Қарабураның «руы» саналатын «тама» Қарахандар мемлекетіндегі «яғма» сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі болса керек. Ал яғмалардың билеушісі «Боғра-хан» титулын білдіретін дереккездің бірі – «Мүжмел үт-Теварих уал-Қысас» еңбегі. Расында Қарахан мемлекетіндегі яғмалардың тотемі – бура, «боғра» түрінде кездеседі. Қарахан әулетінен тараған билеушілер өздерінің есімдерінің алдына «Сатұқ Боғра хан», «Әли Арслан», «Ибраһим Тамғаш хан» сынды лауазымдарды қосарлап айтатыны тарихи әдебиеттерден мәлім. Бұл орайда, Қарабура – Боғра хан тұлғаның күштілігін, ұлықтығын білдіретін лауазым түрі. Қарабура атауының бастапқы буынындағы «қара» сөзі түркі тілінде «күшті», «ұлық» дегенді білдірсе, соңғы буындағы «бура, боғра» атауы тотемді білдірген. Сондықтан яғмадан шыққан «Боғра хан» тілдік өзгеріске ұшырай келе таманың ұраны «Қарабура» атанып, кейін халық жадында осы атаумен сақталып қалған сияқты. Өйткені Қарахан билеушілері соқтырған теңгелерде Боғра-хан, кейде Боғра Қара-хақан атақ-лауазымдары жиі кездесіп отырады. Құдіретті ханның аты Тараз шаһарында шекілген (1088-1089) дирхемде «Табғач/Тафғач-хакан Хасан» деп кездеседі.

Тарихи деректерге сүйенсек, Хасан Тамғаш Боғра хан (Қарабура әулие) Орталық Азиядағы ренесанстың бастауында тұрған Шығыс Қарахан мемлекетінің даңқты билеушісі болған. Ол 1074-1102 жылдар аралығында Шығыс Қарахан иелігіндегі Баласағұн, Қашқар, Хотан жерлерінде билік жүргізіп, халықтың әл-ауқатын жақсартуға зор үлес қосқан ұлы тұлға. Ол билікке келер алдында ішкі тақ таласы мен сыртқы жауларының ықпалынан Қарахан мемлекеті құлдырау үстінде болған. Боғра хан билікті қолына алған соң Қарахан мемлекеті өркендей түсті, 30 жылға жуық патшалық құрған мерзімде ол ғылыми мен білімді дамытып, елінің рухани сенімін дәстүрлі бағытқа бұрды, осылайша Орталық Азиядағы түркі-ислам құндылықтарының өркендеуіне ықпал етті. Академик Бартольд: «Хасан Тамғаш Боғра хан Қарахан дәуірінде медресе,

тарихы» еңбегі де Боғра хан кезеңінің таңдаулы шығармаларының бірі. Оның қарамағынан Батыс Қарахан иелігінде қысымға ұшыраған ғұламалар пана тапқан. Солардың бірі әс-Сарахси Ханафи мазхабының көрнекті кітабы саналатын «Әл-Мәбсүт» еңбегін Боғра хан иелігінде жазып, аяқтаған. Осылайша Тамғаш Хасан Боғра хан патшалығы озық ғалымдар мен ғұламалар шоғырланған рухани орталыққа айналған.

Бүгінде Қарабура әулие – Боғра хан кесенесінің әуелгі келбетінен әжептеуір ауытқығаны байқалады. Бертінде құлап, орнына ақ кірпішпен өрілген жаңа кесене тұрғызылыпты. Төңірегінде де байбағандардың сәулетті бейіттері бей-берекет орналасқан. Сондықтан қастерлі мекенді мемлекет қарауына алған жөн деп ойлаймыз.

Ұлық ұлыстың рухани діңгегі

Созақ өңіріндегі ғажап қаһарман Баба Түкті Шашты Әзіз – есімінің өзінен ежелгі заманның лебі есіп тұрған әпсаналық деңгейге көтерілген хикметті тұлға. Бір деректерге қарағанда, оның есімі Баба Туклас. Оның әкесі Керемет Әзіз. Әйгілі «Едіге» дастанында айтылған мәліметте Баба Тукластың баласы Еділ-Жайыққа дейін келген, оның Құтлу-Қия деген ұлынан Едіге туған деседі. Өтеміс қажының «Шыңғыс-нама» атты шығармасында Баба Туклас атты адам серіктерімен келіп, Алтын Орда әміршісі Өзбек ханды исламға енгізгені туралы айтылады, Өзбек ханды исламға алғаш шақырған адамның аты Садр-ад-дин, лақабы Баба Туклас болған деген қосымша мәлімет бар. Бұл деректерден, түптеп келгенде, Баба Туклас атты тұлғаның Алтын Орда хандарының рухани ұстазы болғанын анық байқауға болады.

Заман өте келе тарихи тұлғаның әрекеті көмескіленіп, оның бейнесі аңыз бен мифтердің қою мұнарымен қоршалғаны байқалады. Қазақ эпосында Баба түкті Шашты Әзіз Ғайып ерен, Қырық шілтенмен қатар қаһармандарды жебеуші пірге айналады. Елдің ескі шежіресінде, Баба Түкті Шашты Әзіз-Баба Омар Әулиенің баласы, 25 жасынан бастап неше түрлі керемет жасай-

кейіннен түрлі аңыздармен көмкеріліп халқымыздың жүрегінде ғасырлар бедерінде өшпей өмір сүруі, оның қазақ хандарының ежелгі астанасы болған Созақ өлкесінде жатуы тегін болмаса керекті.

Дегенмен Созақ өңіріндегі осы әулиелер мен машайқтардың ғажайып кесенелері жаугершілік замандарда, кейін кеңестік қызыл саясат кезінде де тоналып, қиратылған. Осылардың қатарында Ысқақ бабтың мазары да талқандалған. Әсіресе жоңғар шапқыншылығы кезінде әулиелердің қабірін тонау, сол арқылы қазақ қоғамының рухани тұлғалары қорлау істері белең алғаны белгілі. Сол сияқты, Созақтағы XIX ғасырда негізі қаланған аса құнды рухани ғимараттардың бірі Шахи-Ахмет Ишан мешіті – Орталық Азияда теңдесі жоқ ғажайып ғимараттың бірі. Мешітті салған шеберлер Орта Азия мен Еділ бойындағы сәулет өнерінің үйлесімін ұтымды бере білген. Өлкетанушы А.Қабден-Кәрімнің жазуына қарағанда, Шахи Ахмет әйгілі Байғара бидің ауылында Аяғөз, Тарбағатай өңіріне ілім таратқан ғұлама, Бұқара, Уфа сопыларынан білім алған зиялы. Ол кісі патша үкіметі тарапынан қуғындалып, итжеккенге Үркітке айдалады. Халық тақуаны мал жинап, соңынан іздеп барып абақтыдан құтқарып алады, ол кісі Тройцк арқылы Аяғөзге аман-есен оралады. Кейіннен қуғын-сүргіннен бой тасалап, Созақ өңіріне орналасып рухани ілімін жая түскен. Оның баласы Сапар Мағзұм қазіргі Түркістан облысына қарасты Түлкібас ауданының Көкбұлақ елді мекеніне келіп, діни-ағартушылық қызметтер атқарған. Көкбұлақтағы ауыл қарияларының айтуынша, дінге қарсы атеистік көзқарас орнағанға дейін осы ауылда жұма сайын жан-жақтан машайықтар жиналып, мешіт құжырасында зікір салып, ауру-сырқауларды шілдеге салатын орын болған екен. Ал Құтып атанған Шәкер мағзұм қайтыс болғанда әйгілі ақын Әріп Тәңірбергенов: «Құтыбым жадыраса жан базары, Бар еді іштен зұлмат дерт жазары. Перзенті машайықтың ер әулие, Пасықты сауықтырған бір назары», деп оның арғы атасы Шахи Ахметтей дін жолында күрескен ердің перзенті екендігін қадап айтады. Сондықтан Ысқақ баб, Қарабура әулиелердің рухани ізбасары ретінде еліміздің әр өлкесінде ха-

болған Созақ, Сайрам, Қаратау бойындағы түркі-мұсылмандық өркениет әлі де толық зерттелмей келеді. Дәл осы жағдайды Сайрам шаһарына да қатысты айтуға болады. Сайрамдағы кейбір әулиелердің бейіті базарлар мен мейрамханалардың астында қалды. Осы орайда арнайы тоқтала кетсек, Сайрамда көне дәуірдің күмбіріндегі күмбезді кесенелер мен мешіт-медреселердің орны молынан шоғырланған. Мұнда 1917 жылға дейін 50-ден аса мешіт болған екен. Бұл беріге дейін сақталғандардың саны, ал жазба деректерде Сайрамда жүздеген мешіттер болғаны айтылады. Солардың ішіндегі ең көне-лері Ыдырыс хазірет, Қызыр хазірет және әл-Ғайб мешіттері. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауидің ата-анасы Ибраһим ата мен Қарашаш ана, Абдул-Әзіз баб, Қызыр пайғамбар, Мірәлі баба, Қожа Толығ, Мұстафа ата қабірлері осы Сайрамда сақталған. Жергілікті халық Сайрамдағы Қожа Салық пен Бибіғияз мазарларын Қызыр пайғамбардың ата-анасының мүрдесі деп ерекше құрметтейді. Бабтардың бабы Арыстан бабтың ұзақ жылдар Сайрамда ағартушылық жұмыстар атқарып, кейін Отырар маңына келуі, Қожа Ахмет Ясауидің Сайрамнан Түркістанға баруы, Ысқақ баб пен Қарабураның Созақ өңіріне орнығуы аталған өңірлердің қасиетті рухани келбетін көрсетеді.

Л.Н.Толстой «Қарапайым халықтың өмір мен сенім жайлы түсінігін тыңдаған сайын ақиқатқа жақындай түстім» деген екен. Расында дәстүрлі түсініктен алшақтап, өзгенің қаңсығын таңсық көріп ада-сып жүргендердің ақиқаты халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салты мен қалпында. Енді сана-сезіміміздің сәулетін қалыптастыратын осы рухани қазынамен қайта қауышатын сәт келген сияқты. Сондықтан Созақ пен Сайрамдағы рухани ескерткіштерді сақтау, зерттеу, насихаттау ісін Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайына тапсырған жөн. Қарахан мемлекетінен жеткен асыл қағидаттар зерделене бастаса, рухани бұлақтарымыздың көзі ашылып, деструктивті теріс ағымдардың жолын жауып, сергелденге түскендердің санасын сауықтырарға сеп-тесері анық.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
«Егемен Қазақстан» газетінен.

ДҮНИЕНІ ДҮРКІРЕТКЕН ДҮРЖАНОВ

Қаңтар айының бастапқы аптасында редакцияға ауданымызға есімі қанық, спорт саласының ардагері Батыров Таужан ағамыз келді. Мені арнайы іздеп келгендігін кіргеннен «Мақсат бар ма?» деген сөзінен аңғардым. Редакция қонағына орындық ұсынып, аз кем амандық саулық сұрасып алдық. Таужан ағамыз досы, спорт ардагері, марқұм жартытөбелік Дүржанов Өмірзақ ағамыздың спорт саласындағы қыруар еңбегі бар екендігін, ол туралы ешбір газет беттерінде жарияланбағанын, тіпті жас ұрпақ Өмірзақ есімін ұмытып бара жатқанына қынжылыс білдірді. Шынын айтқанда Өмірзақ Дүржанов туралы білетініміз аз екен. Оның үстіне ол кісі өмірінің салмақты жылдарын Алматы, Талдықорған өңірінде өткізген екен. Таужан ағамызды әңгімеге тарта отырып саңлақ спортшы туралы толғамды ойларға қаныға түстім.

-1968 жылы ауданда оқушылардың Спартакиада-сы өтіп жатқан болатын. Кенет тура спорттық шаралар өтіп жатқан көпшілік қауымның арасынан: «Дүржанов Өмірзақ келіпті! Анау жақта аудан басшыларымен бірге келе жатыр!» деген дауыстар естілді. Қарасам еңгезердей, екі иығына екі кісі еркін отырса сиятындай алып тұлғалы азамат екен. Сонымен жарысымыз жүріп жатқан тұста жігіттер келіп мені Дәуленбаев Оралбай ағай шақырып жатқанын айтты. Дереву жүгіріп бардым. Барсам қасында әлгінде мен көрген, сыртынан сұлбасын танып үлгерген Дүржанов Өмірзақ отыр екен.

-Таужан, мына жігіт Өмірзақ деген азамат болады. Жартытөбе ауылындағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы орта мектепте дене шынықтыру сабағынан дәріс береді, деп таныстырды. Осылайша біздің таныстығымыз басталды. Ал жалпы Өмірзақ есімі маған сонау 60-жылдардан бері сырттай таныс болатын. Ол Әбдісәлім ағамыз екеуі бірге жаттықты, бірі ұстаз, бірі шәкірт болды. Ер жігіттің басында не болмайды. Сол қиындық Өмірзақтың басына да түскен жайлар болды. Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс үзілді. Сол



кезде мен Өмірзақты ертіп алып Әбдісәлім ағаға барып, екеуін жолықтырған сәттерім болған. «Батыр кең пейілді, аңғал да жомарт болады» деген сөздің растығын мен Әбдісәлім ағамыздың азаматтық, кісілік келбетіне сай дархандығы арқылы сезіндім. «Өмір болған соң, оның бұралаң жолы болады. Мен шәкіртіме ешқашан ренжіген емеспін!» деген еді жарықтық алып тұлғалы Әбдісәлім. Мына суретті сол жолы Тельман, Өмірзақ үшеуіміз Алматыда түскен едік-деп Таужан аға өткен жылдар белесінен сыр сандығын ақтара отырып ой толғады. Осы Таужан ағам арқылы Өмірзақ ағамыздың үйіндегі Атаманова Нұрсағи-ла ағамызбен байланысып үлгердім. Кіжанқызы Нұрсағи-ла ағамыз Талдықорған қаласында тұрады екен.

-Біз ағаң екеуіміз сонау 60 жылдары Алматы қаласындағы қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында оқып жүріп, студенттердің ауылшаруашылығы жұмыстары кезінде танысқан болатынбыз. Сұңғақ денелі, реңді жігіт болашақ жарым болады деп алғашқы да ойлаған жоқпын. Кейін өмір ағысы, жүрек қағысымен көңіл жарастырып отба-

сын құрдық. Мен 1945 жылы Матай станциясында, Лепсі, Ақтоғай өңірінде өмірге келдім. Кейін КАЗПИ-дің жаратылыстану факультетінде білім алдым. Өмірзақ ағамыздың 1944 жылы Аққолтық ауылында дүниеге келген. Әкесі Өзтай ұзақ жылдар шаруашылықта шопан болып жұмыс атқарған кісі екен. Соңғы жылдары ферманың шөп базасында қарауылдық жұмыс істейді. Анасы Қызтай отбасын дөңгелентіп отыратын шаруа ада-

мы екен. Нағашысы Әкенбаев Озықбай талай жылдар шаруашылықта тракторшы болып еңбек етті, деп өткен жылдар белесінен есті естеліктерімен бөлісті. «Еңбек Қызыл ту» орденді механизатор болды. Өзтайдан Өмірзақ, Нағашбек, Жұпарқұл, Қатира есімді төрт бала тарайды. Өмірзақ ағамыздан төрт бала дүниеге келіпті. Олар Гүлмайра, Жазылбек, Фазиза, Назира. Отбасында Нұрсағи-ла ағамыз бес немересі мен алты шөбересінің күміс күлкісіне шомылып отырған бақытты әже. Әттең талай еңбектің ауыртпалығы мен қиындығын көрген ағамыз, зейнет жасқа шыққан соң осы немере-шөберелерінің қызықшылығын көретін сәтте ортамызда болмауы өкінішті! Өмірзақ ағамыз Талдықорған өңіріндегі Үшарал қаласында 2021 жылы 77 жасында өмірден озды. КСРО спорт шебері, Түркістан әскери округінің чемпионы, Республикалық «Қайрат» және «Еңбек резервтері» қоғамының чемпионы, Бүкілодақтық «Локомотив» спорт қоғамы кубогының иегері, Қазақстан чемпионатының және КСРО-ның Мәскеу бастаған оннан астам қалаларында өткен КСРО біріншіліктерінің жүлдегері. Естеріңізде болса бүкіл одақ болып шулаған 1968 жылы Даугавпилс қаласында одақ теміржолшылары арасында өткен КСРО кубогы үшін жарыста команда құрамында Өмірзақ ағамыз бар бұл команда I орынға иеленіп одақты бір дүркірет-

кені бар. Еліміздің еңбек сіңірген жаттықтырушысы, республикамыздың спорт қайраткері. Шымкент облысы, Созақ ауданында, Октябрь 50 жылдығы мектебінде, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. 1982 жылы Алматы облысы Алакөл ауданындағы Обуховка орта мектебінде дене шынықтыру және әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып орнықты. Қант зауыты мектебінде дене шынықтыру мұғалімі болып істеп, 1988 жылы аудандық спорт мектебінің директоры болып жұмыс істеді. Бірнеше шәкірттерді күрестен, бокстан, шахматтан аудан, облыстық жарыстарға дайындап алдыңғы жүлделерге ие болды. Еңбек жолында жақсы көрсеткіштер көрсетіп, республикалық, облыстық, аудандық мақтау қағаздарымен марапатталды.

Кезінде 1959 жылдан бастап бокспен айналысқан. Жаттықтырушысы СССР-ге еңбегі сіңген спорт шебері Әбдісәлім Нұрмаханов болған.

1966-67 жылдары бокстан Қазақстан құрама командасының мүшесі болып, басты және жүлделі орындардың иегері болды. Қазақстан чемпионатына қатысып, Алматы, Москва, Вильнюс, Тбилиси, Мәскеу іргесіндегі Воскресенск, Нальчик қалаларында жүлделі орындарға ие болған. Сонымен бірге, Бүкілодақтық жарыстарға қатысып жеңімпаз атанып, жүлделі орындар алған. «Еңбек резервтері», «Локомотив» спорттық қоғамының СССР бойынша біріншілігінде қола медальға қол жеткізген. СССР Қарулы Күштерінің Спартакиада-сына қатысып 3-ші орынға ие болды. Еліміздің еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Республикамыздың спорт қайраткері, КСРО-ның спорт шебері Өмірзақ Дүржановтің есімі ел есінде сақталуы үшін ол кісінің марапаттары мен жарыс сәттерінде түсірілген фотосуреттері ауданымызда жаңадан ашылған Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи өлкетану музейінің төрінен табылып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.



ОБЛЫСТЫҚ АЙМАҚТЫҚ КЕЗЕҢДЕ ТОП ЖАРДЫ

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында гандболдан «Ұлттық мектеп лигасы» ойындарының облыстық аймақтық кезеңі киелі Түркістан қаласында өтті. 5-6 сыныптан құралған Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұлдар командасы Созақ ауданының намысын абыроймен қорғап келді. Ойын барысында бірінші ойын Созақ 6:4 Түркістан, екінші ойын Сауран 2:5 Созақ,



үшінші ойын Кентау 4:10 Созақ есебімен жеңіске жетіп, ағымдағы жылдың көктемде Республикалық кезеңге жолдама алу үшін өтетін жарысқа жолдама алып келді. Жас спортшыларымызға алдағы жарыста тек жеңіс пен сәттілік тілейміз!

Қуаныш
ЕСБЕРГЕНОВ,
Аққолтық ауылы.

«Тұрмыс» жедел іс шарасы

Аудан аумағында өтуде

Аудан аумағында криминогендік ахуалды оңалту, масаң күйде, отбасы-тұрмыстық қарым қатынастар саласында ауыр және аса ауыр қылмыстарға жол бермеу, құқық бұзушылық профилактикасы бойынша тұрақтандыру мақсатында, Аудан аумағында 2022 жылдың 24 қаңтардан бастап 30 қаңтарға дейін «Тұрмыс» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізе отырып.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу болып табылады.

Акцияның басты мақсаты – Ішкі істер органдарының халық арасында беделі имиджін көтеру және қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында жұмысты жаңдандыру, үйдегі зорлық-зомбылық проблемаларына жұртшылықтың, атқарушы және заңнама биліктің назарын аудару, қоғамда әріптестікке және қарым-қатынастың зорлық-зомбылық тәсілдерін мойындамауға негізделген отбасы қарым-қатынастарының мәдениетін қалыптастыру, үйдегі зорлық-зомбылыққа ұшыраған отбасы мүшелеріне психологиялық, педогогикалық, құқықтық көмек көрсету, зорлық-зомбылық құрбандарын оңалту бойынша қызметтер мекемелердің мамандарымен және отбасымен жұмыс істейтін басқа да мамандарымен байланысты және өзара іс қимыл жасауды нығайту, үйдегі зорлық-зомбылық проблемасына хабардар болу деңгейін арттыру, Отбасы-тұрмыстық қатынастарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, оны жою, және де зорлық-зомбылыққа бейім адамдармен жеке профилактикалық жұмыс атқаруға бағытталған жүйені қалыптастыру болып табылады.

Жалғас АБАТОВ,

Созақ АПБ ЖПК УПИ полиция аға лейтенанты.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7 (72546)3-15-36 сенім телефонына хабарласуға болатындығын ескертеді.

«Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-724, 8700-467-93-72, 4-727, 8700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Сенім телефоны

Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі ғимаратының кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналастырылып, қабырға бетке Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) ілініп тұр. Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының «Сенім телефоны» 47-31

Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты мм-сі.

Жарамсыз деп танылсын

Қыземшек кенті 2-ші мөлтек ауданы, 3-ші үй, №2 пәтер тұрғыны **Зейдінұлы Өмірәлінің** атына 20.04.2021 жылы нотариус С.К.Аманкулова арқылы берілген №1215 сатып алу-сату келісім шарты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Н.Төреқұлов атындағы ІТ лицейінің ұжымы осы мектептің кітапханашысы Құлтаева Альмираға інісі

Ершаттың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің ұжымы осы мектептің үйірме жетекшісі Қалыңұлы Жәнібектің және ағаш ұстазы Бақыттың аналары

Ұмысның

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Қ.Рустемов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің бастауыш кәсіподағы ұйымының төрағасы Шыныбаев Ақайдарға және мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Шыныбаев Мырзабекке аналары

Бибісараның

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Уранқуат» ЖШС Таукеңт филиалы Әкімшілігі Созақ ауданы «Уранқуат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Таукеңт филиалы электр энергиясын беру қызметіне тарифтерін жариялайды

01 қаңтар 2022 жылдан бастап

Негіздеме: ҚР Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің ««Уранқуат» ЖШС Таукеңт филиалының электр энергиясын беру қызметіне тариф және тарифтік сметасын бекіту» туралы 22.11.2021 жылғы №123-НҚ санды бұйрығына өзгертулер енгізу туралы 19.01.2022 жылғы №7-НҚ санды бұйрығы.

№	Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Тарифі, теңге ҚҚС-сыз	Ақы мөлшері, теңге ҚҚС-мен
1	Электр энергиясын беру	теңге/кВт/сағ	4,42	4,95

Бірдейлендіру-заман талабы

Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығы «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 38-тармақшасына сәйкес «Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» шыққан.

Бірдейлендіру дегеніміз не? – дерекқорға жануар туралы мәліметтерді енгізу, мүйізді ірі қара малын, майда малды, түйені сырғалап, жылқыны таңбалап ветеринариялық паспорт беріп, жануарларды еселке алу жүйесі.

Ірі қара, майда мал төлдері сонымен қатар боталар туылғаннан кейін 7 күн өткен соң, бірақ 10 күннен кешіктірмей бірдейлендірілуі тиіс болса, құлындар 4 айлық жасында бірдейлендірілуі қажет.

Бірдейлендіру не үшін қажет? Жануарлардың түрлі жұқпалы ауруларының алдын алуға арналған іс-шараларының сапалы жүргізілуіне, бір аймақтан келесі бір аймаққа жұқпалы аурулардың еніп кетіп үлкен материалдық шығын әкелуіне, адам денсаулығына қауіп төнуіне жол бермеуге, сондай-ақ бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып

тұрған мал ұрлығының алдын алуға, болдырмауға арналған маңызды іс-шара.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру іс-шарасына сипаттама бере отырып ауданымыздың кейбір тұрғындары өзіне қажетті іс-шараға мән бермеуі еліміздің аумағындағы барлық мал базарларға кіргізілмей, мал егелеріне шара көріледі, жоғалған, ұрланған малдардың ветеринариялық паспорты болмаған жағдайда ішкі істер органдары өтініштерді қабылдамайды, яғни малды іздеу жұмысы жүргізілмейді, сондай-ақ бірдейленбеген малдарды тасымалдауға жол берілмейді, ол үшін ірі мал базарлар орналасқан елді мекендерге қатынайтын жолдарда полиция бекеттері жұмыс жасайтыны туралы насихат, түсініктеме шаралары жүргізілуде.

Сондықтан малыңыздың өзіңіздікі екенін дәлелдейтін, сауға немесе басқа да мақсатта алып бара жатқан малыңыз өзіңізге қиыншылық әкелмеуі үшін малдарыңызды бірдейлендіріп алғандарыңыз тиімді және мал егесінің міндеті.

Ауданымыздағы барлық ауыл, кент әкімшіліктердің елді-мекен-

дері бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын сырғалап, паспорт беретін қажетті ветеринар мамандар ауыл, поселке әкімдерінің ұйымдастыруымен бірдейлендіру іс-шарасын жүргізуде.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесіне сәйкес ұсақ малға ветеринариялық паспорт әр жануардың жеке нөмері көрсетіле отырып, тобына немесе отарына берілсе, мүйізді ірі қара, түйе, жылқы малдарына жеке беріледі. Ветеринариялық паспорт тиісті ауылдық, кенттерінің әкімшіліктің ветеринар маманының қолымен және мөрмен бекітіліп атқарылған ветеринариялық іс-шаралар (егу, қан алу т.б.) ендіріліп отырады.

Осы жайларды ескеріп малдарыңызды түрлі жұқпалы аурулардан сақтандыру, мал ұрлығының жолын кесіп алдын алуға, болдырмауға байланысты жүргізіліп жатқан ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру іс-шарасының тиімділігін түсініп малдарыңызды бірдейлендіруіңіз қажет.

А.УТЕПОВ,

ҚР АШМ ВБЖҚ Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман-мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

Ветеринариялық сертификат беру тәртібі

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

-Министрліктің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Нұрсұлтан және Алматы қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық инспекциялары;

-электрондық үкіметтің веб-порталы: www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері -көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

-көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін кутуды рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті әрі қарай қараудан жазбаша дәлелді бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

- осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін);
- жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде – сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) көшірмесі;
- иттер мен мысықтардың орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде – ветеринариялық паспорт көшірмесі;

-Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге немесе үшінші елдерге (Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер) әкету мақсатында республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігінен республиканың басқа әкімшілік-аумақтық бірлігіне орны ауыстырылған (тасымалданған) объектілердің орнын ауыстырған (тасымалданған) кезде және/немесе республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын)

объектінің иесі ауысқанда – ветеринариялық анықтама (ақпараттық жүйеде болмаған жағдайда);

-ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 35 бабы, 2 тармағына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ветеринариялық сертификат бланкілері үшін төлемақы қызмет алушы есебінен өтелуі тиіс.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

-орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы ақпараттық ұсынылған құжаттарға сәйкес келмеуі;

-орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің, көлік құралының ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен қағидаларға сәйкес келмеуі;

-тиісті аумақтағы эпизоотиялық ахуалды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні экспорттауға рұқсаттың болмауы (үшінші елдерге (Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттерге) экспорттау кезінде);

-Қазақстан Республикасына үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер) Біріңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардан ерекшеленетін талаптар бойынша әкелінген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және олардан өндірілген өнімдердің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерге әкелілуі;

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде: шағым Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсындағы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, сондай-ақ мынадай мекенжайлар бойынша Министрліктің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының немесе Министрлік басшысының атына беріледі

Б.ЖОЛШЫБЕКОВ,

ҚР АШМ ВБЖҚ-нің Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бас-маман мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

«Сөзақ үні» газеттерінің өткен жылғы сандарында тарихшы, өлкетанушы, жазушы Мақсат Қарғабайдың «Туған өлке-жұмбақ өлке» тақырыбымен толассыз жарияланып келген мақалаларын қалт жібермей оқып шықты. Кейін осы атаумен шыққан кітабы да қолыма тиді. Кітап авторына деген шексіз ризашылығымды айта отырып, кейбір ойымда жүрген, есті қариялардан естіген туған жеріме қатысты жер-су атаулары, тарихи киелі орындар Мақсаттың кітабы арқылы санамда қайта жаңғырып, қолыма қалам алғызған жайы бар. «Әзіреті Қаратау әулиенің кені еді» деп хисса-дастандарды оқып, айтылғанын естіп өстік қой. «Пайғамбарларымыз Алланың сүйікті достары болса, әулие-әмбиелер де сондай достары ретінде пайғамбарлардан кейінгі орында тұрады екен» деп айтылады. Сондықтан Жаратушы Иеміз осы сүйікті достарына ел ішіндегі кейбір жерлерге ерекше кие дарытып қойған деген аңыз бар.

Ақбура әулие Балдысу ауылынан тауға қарай жүргенде он бір шақырым шамасындай таудың бауырында, екі түп донала ағашымен ерекше көрінеді. Әулие жайлы кешегі өткен қариялардан сұрап, біліп алмағаным осы уақытқа дейін өкінемін. Жас кезімізде назар салмай, көптеген керекті мәліметтерден ажырап қалдық.

Ақбура әулие керемет кісі екенін байқауға болады. Қай ғасыр, қай заманда болғанынан терең білмеймін. Жолдың жағасында жақпар тастармен қоршалған, он екі қанат кигіз үйдің орнындай жерді дөңгелене алып жатыр.

Балдысу өзені бір басын осы әулиенің іргесіндегі бұлақтан алса, екінші жағы Тесіктастан келетін бұлақтар, әулиеден өте қосылып, Балдысу өзенін құрап төмен қарай ағып жатыр. Әулиенің шығыс жағында кішкене бұлақтан жылы су шығып жатады. Қыста қатпайды, жылуы бір қалыпты. Бұл бұлақтың ерекшелігі қасынан өткен суды қоспай, өзін тоғандап денесіне қышыма шикан, жара, қотыр болған адамдар түсіп, шомылып жазылып қайтқанын талай көрдік. Яғни, әулиенің кереметі оның шипалылығында екенін көптен білеміз.

Әулиеге бұрынғы уақытта топаңнан ауырған қойларды отарымен сонда түнетіп әлгі кесел көтеріліп жазылып кетеді екен.

Қазірге дейін көктемде жаңбыр жаумай қалғанда тасаттық жасап, малды әулиенің қасындағы бұлаққа бауыздап, Алладан тілеп, әулиенің жеп-желеуіне сыйынып құран оқып тұрамыз. Таңқаларлық жай, кей жылдары ауқат ішіп отырғанда қара бұлттар шыға бастап ауылға келген-



Ақбура әулие

ше жаңбыр да жауып кететін.

Ақбура әулие тоғыз жолдың торабында тұр. Бұрынғы кезде Ащысай кеніші істеп тұрғанда, әсіресе соғыс кезінде Теріскей өңіріне пайдасы көп тиді. Ол кезде қазіргідей машина жоқ. Көлікпен ат, түйе, есек жаяу да жүріп осы әулие арқылы Балдысу асуыменен, тау бауырындағы елдер, арысы Қозмолдақ, Сызған, Жыныс, берісі Абай, Қарабұлақ, Балдысу ауылтұрғындарының Ащысайға барып қайтатын жолы болған. Ащысайда шахта істеп тұрғанда шахтерлер жоғары жалақы алып, жақсы жағдай болды. Теріскей өңірінен көптеген адамдар шахтыға кіріп істеді. Соғыс кезінде ауылға пайдасы көп тиді. Одан құрылыс материалынан бастап, дастархандағы бөлке нанға дейін әкеліп жеген едік.

Әулиеден әрі-бері өткен жолаушылар қоршалған тастың үстіне ақша, тиын тастап кететін. Қасындағы донала талға неше түрлі шүберектер байлап қоятын.

Бала кезімізде шие тере барғанда әулиеге жарыса жүгіріп барып, әлгі қойған тиындарды алатынбыз. Қазір техника көбейген заманда ол жолмен жүру тоқтады. Бүгінде жолы ескіріп, шөп басып көрінбей қалған.

Ұзын ата әулие

Ұзын ата әулие ауылымыздағы екінші әулие. Балдысудан тауға баратын жолдың бойында алты шақырымдай жер Керегетастың арғы жағында

жүз метрдей жерде өзеннің батыс жақ жағасында тұр. Ұзына бойына таспен бастырған қорым. Жан жағы ашық тегіс жер. Кейінгі кезде мал басып аяқ асты болмасын деп темір шарбақпен қоршағанбыз. Бұл кісі жайлы мәлімет білмейміз. Өткен адамдар құран оқып өтеді.

Балдысу өңірінде осы екі әулие бар.

Торлан әулие

Ащысайға қарай баратын үлкен жол бойында бұрынғы шайханадан асуға қарай өрлеп жүргенде шамамен екі жүз метрдей жерде жолдың оң жағында осы Торлан әулиенің белгісі тұр.

Бұрынғылар асуды «Торланның асуы» деп ертеден айтады. Ертеректе көріп жүрген кезімізде басында кішкене талы бар болатын. Оған ары-бері қатынаған жолаушылар аялдап, тоқтап құран жағыштап, бұтақтарына қолындағы бар шүберегінен жыртып алып байлап кететін болған.

Кейінгі кезде жолға асфальт төсеп жөндеу жұмыстары кезінде әулиенің жолдың батыс жағында қалтарыста ескерусіз қалды. Көбінесе байқалмай қалады. Бұл атақты әулиенің қазіргі жағдайы осы. Лажы болса тарихымды жаңғыртамыз десек, әулиенің басына, маңайына көшеттер отырғызып, қоршап күтім жасауымыз керек.

**Тоқтарбай қажы
МОЛДАБЕКҰЛЫ,
Балдысу ауылы.**

Менің әкем Ақберен 1914 жылы сәуір айында Балдысу елді мекенінің жоғары жағындағы таудың ішінде дүниеге келіпті. Таудың ішінде «Дегерес», «Көкбет» деген тау жоталарына қарама-қарсы «Отар жайлауы», «Ақберен бұлағы» деген бұлақтар бар. Ақберен әкем 7-8 жасқа дейін шешек деген ауруымен ауырған екен. Бетінде сол аурудан қалған іздер бар еді. Ауру баланы алдандырып, аурудың бетін қайтару үшін әкесі Отар мен анасы Анар: «Мынау сенің бұлағың, үлкейгенде осы бұлағыңның көзін ашып, қамқорлық жасайсың» деп әкемді жұбатады екен. Отар атаның жайлауы боранға, жұтқа төтеп беретін солтүстік, оңтүстік, шығыс жақтарында биік Қаратау жоталары, батысында «Абылдың үңгірінің» маңайында ық жерде орналасқан.

Ық жер адамға да, шаруашылыққа да жайлы. Бұрынғы жұт жылдары адамдардың хал-жағдайын нашар болып, малдары жұт кезінде қырылып қалған. Отар атаның жағдайы жақсы, малы күйлі аман-есен өмір сүрген. Төрт түлік малдарынан айырылып, таяғын ұстап қалған сол кездегі ағайындар «Отардың жайлауына барып ет жеп, қымыз ішіп қайтайық» дейді екен. Отар ата шаруашылыққа мекем, еңбекқор адам болатын.

Әкем Отаров Ақберен 1974 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін өзінің туған жері, қазіргі Балдысу елді мекеніне көшіп барады. 1979-1980 жылдары әкем біздерді мамыр айынан бастап, сол кіндік қаны тамған жерге көлікпен барып, малдың сүйікті шөбі сасырды бізге орғызатын. Мен, Үміт, немере баласы Зайт және өзі болып, бір жарым айдай сасыр ордық. Сасыр шөбі қалың әрі ірі. Жер көк майса, түрлі дәрілік шөптер де өседі. Шөптерді шалғымен де оруды болады. Онда тобылғы, арша, шие ағаштары өседі. Жануарлардан арқар, тау ешкі, құстардан кекілік, көптер сияқты тіршілік иелері молынан жүретін. Олар тұс әлетінде келіп бұлақтан су ішіп тұрады екен. «Ақберен бұлағының» суы мөлдір, таза әрі мұздай болушы еді. Бұлақтың жоғары жағында көкөніс пен бидай еккен атыздарының орны әлі бар екен. Әкемнен: «Әке егіске су қалай барады?», - деп сұраймын, әкем болса: «Қызым, бұлақтың суынан тоған жасаймыз. Әбден су жоғары көтерілгенде, атыздарға осы бұлақтың суын жібереміз-дейді. Сөйтіп, бұл бұлақ жанхяға да, төрт түлік малға да қызмет еткен екен.

**Үржан ОТАРОВА,
Шолаққорған ауылы.**

Ауылдың айтқыштары

«Тамаша жанып жатыр, тиіспеңдер»

Көпшілікке өзінің тапқыр сөзімен, ұтымды әзілімен танылып жүрген азаматтар әр ауылда табылады. Солардың бірі-құмкенттік марқұм Өндіріс ағамыз.

Бір күні үй маңында ойнап жүрген 4-5 жасар балалар қорада жинаулы тұрған шөпке байқаусызда от қойып жібереді. Құрап тұрған шөмеле лезде-ақ лаулап жана бастайды. Мұны байқап қалған көршілер өрт сөндіру бөлімшесіне хабарлайды. Олар да дереу жетіп келеді. Сөйтсе, Өндіріс көкеміз өрт сөндірушілерге: «тамаша жанып жатыр, тиіспеңдер», - деген екен.



«Жақсы жайылып жүр, айдамаңдар»

Бір жылдары Өндіріс көкеміздің екен егісі бітік шығып, көршілері ол кісінің дихангершілігіне риза болып, ауылдастарының арасында үлкен беделді иеленіпті.

Күндердің күнінде сол бақшасына бос жүрген сиырлар кіріп талқандап жатыр екен. Сөйтсе көкеміз балаларына: «Жақсы жайылып жүр, айдамаңдар», - депті жайбарақат қана.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі:

"Сөзақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші:
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер:
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнері:
Асан БАҚТЫБАЕВ
Терісші:
Бағла АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташев көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жа-
йы: 161000, Шолаққорған ау-
ылы, С.Қожанов көшесі, Байла-
ныс телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.